

«БЕКІТЕМІН»

«Қостанай ауданы білім бөлімінің

Заречный мектеп-лицейі»

КММ директоры

_____ **Г. Б. Ердаулетова**

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум туралы

ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1, Психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум (бұдан әрі - Консилиум) мектепке дейінгі және мектептік білім беру ұйымының функционалдық бірлігі болып табылады.

1.2, Консилиум диагностикалық-консультациялық типтегі құрылым болып табылады, оның қызметі мектептегі бейімсіздікке (оқытудағы және мінез-құлықтық бұзылулардағы проблемаларға) әкелетін дамуында әртүрлі ауытқулары бар балаларды қоғамда уақтылы анықтауға және ықпалдастыруға байланысты проблемаларды шешу жолдарын айқындауға бағытталған.

1.3, Мектеп Консилиумының жұмыс тәртібі, ұйымдастыру осы Ережемен айқындалады. Консилиумның жұмысын бақылауды білім беру ұйымының әкімшілігі жүзеге асырады.

1.4, Консилиумға әдістемелік басшылықты Білім басқармасы, облыстық және аудандық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар (ПМПК), облыстық және қалалық Білім беру жүйесі кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты жүзеге асырады.

1.5, Мектеп Консилиумы өз қызметінде БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясын, ҚР «Білім туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» заңдарын, ҚР Білім және ғылым министрлігінің нормативтік-құқықтық құжаттарын басшылыққа алады.

2, Мақсаттары мен міндеттері

2.1, Консилиумды ұйымдастырудың мақсаты оқуда және тәрбиелеуде қиындықтары бар балалар үшін олардың жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес оңтайлы емдеу-сауықтыру және психологиялық-педагогикалық жағдайларды қамтамасыз ету болып табылады.

2.2. Консилиумның міндеттеріне:

- мектепке дейінгі және мектептік білім беру ұйымдарына түсетін балаларды олардың оқуға және тәрбиеге дайындығын, түзету-дамыту және әлеуметтік жұмыстарды жүргізу қажеттілігін, оның ішінде кемтар балаларды оңалтудың жеке бағдарламасы бойынша анықтау мақсатында тексеру;

- дене бітімінде, зияткерлік және эмоциялық дамуында ауытқулары бар, оқуда және мектептің бейімделуінде қиындықтары бар мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды уақтылы анықтау.

- танымдық қызметтің (сөйлеу, есте сақтау, назар аудару, жұмысқа қабілеттілік және басқа да психикалық функциялар) даму деңгейі мен ерекшеліктерін айқындау, оқыту мен тәрбиелеуде жеке-сараланған тәсілді қамтамасыз ететін профилактикалық, түзету психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік іс-шараларды айқындау үшін баланың эмоционалдық-ерік және жеке дамуын зерделеу;

- баланың дамуы үшін оңтайлы оқу бағдарламасын таңдау, жалпы және түзету оқыту мен тәрбиелеу процесінде жеке-сараланған тәсілді қамтамасыз ету үшін оқу-тәрбие процесіне қатысушыларға ұсынымдар әзірлеу;

- балалардың дамуындағы кемшіліктердің оң динамикасы мен орнын толтыру кезінде ұйымның негізгі білім беру немесе басқа да бағдарламалары бойынша оқыту және тәрбиелеу мүмкіндіктерін анықтау;

- физикалық, зияткерлік және эмоциялық жүктемелер мен бұзылулардың алдын алу, емдеу-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру;

- мектептің педагогикалық құрамы мен Консилиум қызметіне қатысатын мамандар, сондай-ақ облыстық, қалалық (аудандық) ПМПК арасында өзара іс-қимылды ұйымдастыру

3, Мектептегі психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиумның құрылымы және қызметін ұйымдастыру.

3.1, Психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум жалпы білім беретін мектепке дейінгі, мектеп және арнайы (түзету) білім беру ұйымдарында мектеп директорының бұйрығымен құрылады. Оның құрамына директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары (Консилиум төрағасы), мұғалім, логопед, психолог, әлеуметтік педагог, медицина қызметкері және оның құрамынан сайланатын консилиум хатшысы кіреді.

3.2, Консилиумда балалар мен жасөспірімдерді талқылау туралы шешім ата-аналардың (заңды өкілдердің), сондай-ақ бала оқитын сынып педагогының, сондай-ақ білім беру ұйымында жұмыс істейтін басқа да мамандардың бастамасы бойынша жүзеге асырылады.

3.3, Консилиум мамандарының балаларды тексеру жөніндегі жұмысын алдын ала әрбір маман Консилиумда жеке де, ұжымдық да (даулы мәселелерді шешу немесе мектепке түсу кезінде) жүзеге асыра алады. Консилиумда тексеру кезінде мынадай құжаттар ұсынылуға тиіс:

- баламен жұмыс істейтін педагогтерде туындайтын проблемалар көрсетілуі тиіс балаға арналған педагогикалық ұсыным (оның ішінде «Баланың даму ерекшеліктерін бағалау»);

- мамандардың (психолог, логопед, әлеуметтік педагог, дәрігер) қорытындылары. Әрбір маманды ұсыну міндеттілігі баланың проблемаларын шешу үшін оны қорытындылау қажеттілігімен айқындалады. Онда баланы оқыту мен тәрбиелеу проблемаларының себептері мен сипаты жөнінде мамандардың пікірлері көрсетілуі, оларды шешу жөнінде алдын ала ұсынымдар берілуі тиіс;

- түзеу оқыту және тәрбиелеу нәтижелері туралы деректер (оны өткізген жағдайда);

- орыс (ана) тілі, математика бойынша жазбаша жұмыстар, суреттер және балалардың дербес қызметінің басқа да түрлері.

3.4, Консилиум бірлескен талқылау нысанында өтеді

3.5, Диагностикалық күрделі жағдайларда, жанжалды сәттерде, Консилиум мүшелері үшін баланы оқыту мен тәрбиелеу туралы бірімді шешім қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, ол ПМПК-ға баланы тереңдетілген диагностикалау және оқыту мен тәрбиелеудің барабар жағдайларын анықтау үшін жіберіледі.

3.6, Баланы сынамалы оқыту жағдайында (ПМПК жолдамасы бойынша) осы сыныптың бағдарламасынан қайта өту немесе білім беру бағдарламасының тиісті түрін таңдау туралы мәселені шешу үшін бала облыстық, қалалық (аудандық) ПМПК-ға жіберіледі. Баланы білім беру ұйымынан консультацияға жіберген кезде педагогикалық ұсыным, мамандардың қорытындылары және түзету оқыту мен тәрбиелеудің нәтижелері туралы деректер (егер ол жүргізілген жағдайда) қоса берілген Консилиум Қорытындысы беріледі.

3.7, ПМПК мамандары баланы зерттеп-қарауды жүргізгеннен кейін Консилиум Қорытындысы тиісті қорытындылар мен ПМПК шешімі енгізіледі, содан кейін Консилиум Қорытындысы білім беру ұйымына қайтарылады.

3.9, Баланы басқа білім беру жүйесіне шығару жағдайында Консилиум қорытындысынан үзінді көшірме ресімделеді, онда педагогикалық мінездемені, баламен арнайы түзеу жұмысының нәтижелерін қоса алғанда, консультация жүргізген барлық мамандардың қорытындылары, білім беру ұйымы Консилиумының қорытынды қорытындысы қысқаша, жинақталған нысанда белгіленеді.

Үзінді бала оқитын білім беру мекемесінен арнайы сұрау салу бойынша ата-аналарға беріледі.

3.10, Консилиумнан өткен әрбір бала балаларды тіркеу және есепке алу журналына тіркеледі; оған мынадай құжаттамасы бар папка ашылады:

- бала туралы жалпы мәліметтер;
- баланың педагогикалық көрінісі (оның ішінде «Баланың даму ерекшеліктерін бағалау»);
- мамандардың (психолог, логопед, әлеуметтік педагог, мектеп фельдшері) қорытындылары;
- түзеу оқыту және тәрбиелеу нәтижелері туралы деректер (оны өткізген жағдайда);
- білім беру ұйымдарының түзету-дамыту оқыту және тәрбиелеу жүйесінен басқа білім беру жүйелеріне, мамандандырылған денсаулық сақтау немесе әлеуметтік қорғау ұйымдарына шығарылған балаларға арналған құжаттамасы бар папкадан тұратын Консилиум мұрағаты;

Консилиумның бірінші отырысында динамикалық бақылауға мұқтаж балалардың тізімі бар консилиум өткізу және консилиум арқылы өту кестесі жасалады.

Консилиум хатшысы балаларды жазу және есепке алу журналын жүргізеді, консилиумдарды өткізу кестесін бақылайды, әлеуметтік педагогпен бірге бала туралы жалпы мәліметтерді жинайды және Консилиумның барлық құжаттамасын сақтайды.

3.11, Консилиум мұрағаты 5 жыл бойы арнайы жабдықталған орында сақталады және Консилиум мүшелеріне ғана беріледі, бұл туралы Консилиум мұрағатын тіркеу журналында тиісті жазба жасалады.

3.12, Консилиум жұмысына қатысушы төраға мен мамандар тексеруден өткен балалар туралы ақпараттың құпиялылығы үшін жауапты болады.

4, Консилиумды өткізу және дайындау тәртібі

4.1, Консилиумдар жоспарлы және жоспардан тыс болып бөлінеді.

4.2. жоспарлы Консилиумдар сыныптарды тексеру кестесіне сәйкес консилиумнан өтуді қажет ететін әрбір оқушы үшін жарты жылда кемінде бір рет өткізіледі. Бірінші Консилиум жеке білім беру бағытын айқындау мақсатында бірінші тоқсанда, екінші - бұрын белгіленген түзету-дамыту жұмысының нәтижелерін қадағалау және одан әрі оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін шешу мақсатында үшінші тоқсанның соңында өткізіледі.

Жоспарлы консилиумның қызметі мынадай міндеттерді шешуге бағытталған:

- балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық және әлеуметтік сүйемелдеу жолдарын анықтау;
- баланың білім беру түзеу-дамыту бағытын айқындау жөнінде келісілген шешімдер әзірлеу;
- баланың жағдайын динамикалық бағалау және бұрын белгіленген бағдарламаны түзету.

4.3, Жоспардан тыс Консилиумдар осы баламен түзеу-дамыту оқуын немесе сабақтан тыс түзеу жұмысын жүргізетін мамандардың (бірінші кезекте сынып педагогының (топ тәрбиешісінің) сұрауы бойынша жиналады. Жоспардан тыс Консилиум үшін баланың оқуына, тәрбиеленуіне және дамуына әсер ететін жаңа мән-жайлардың анықталуы немесе туындауы, оның оқуы мен тәрбиесінің теріс динамикасы себеп болып табылады.

Жоспардан тыс Консилиумның міндеттері:

- анықталған мән-жайлар бойынша қандай да бір шұғыл шаралар қабылдау туралы мәселені шешу;
- ПМПК-ға бұрын жүргізілген түзету-дамыту бағдарламасы тиімсіз болған жағдайда оны өзгерту үшін жіберу.

4.4. Консилиумды өткізуге дайындық

- Консилиумда баланы талқылау Консилиум өткізілетін күнге дейін 10 күннен кешіктірілмей жоспарланады.
- Баламен тікелей жұмыс істейтін мамандар Консилиум өткізілгенге дейін 3 күннен кешіктірмей оқушының тиісті құжаттамасын, жазбаша жұмыстарын Консилиум хатшысына ұсынуға міндетті.

4.5. Консилиумды өткізу тәртібі

- Консилиум Қазақстан Республикасы

